


Қосан Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ

Ата-аналарға арналған консультациялық пункті туралы мәлімет.

Әрбір бүлдіршін ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы, ұлттық болашағы, егеменді еліміздің ертеңі. Сондықтан «бала», «ұрпақ», «Өркен» деген ұғымдарды ұмытпай және негізгі мақсатымыз- жан- жақты бала тәрбиесі болуы керек. Бүгінгі қоғамда жан-жақты жетілген, бойында ұлттық құндылықтар , сана-сезімі қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру-отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Осы міндетті іске асыру үшін, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 27 бұйрығымен бекітілген «Ата-аналарға» арналған консультациялық пунктердің қызметін ұйымдастырудың ережесіне сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған балаларға жан-жақты қолдау көрсету, «Ата-аналарға арналған консультациялық пунктер» құру қолға алына бастады.

Қосан Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінде отбасылық жағдайында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункт ашылды. Жағдайын анықтаған отбасыларына «Ата-аналарға арналған консультациялық пункт» жөнінде ақпарат, оның мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, кеңестер берілді. Осы атқарған жұмыстар нәтижесінде бірнеше «ата-аналарға арналған консультациялық пунктің» қызметіне өтініш білдірді.

Бала тәрбиесі үшін маңызды «Дені сау ұрпақ-еліміздің болашағы», «Газалық-денсаулық кепілі», «Баланың рухани әлемі», «Ұялшақтық, ұяңдық оны қалай жеңуге болады?», «Баланың үйдегі әрекетін ұйымдастыру», «Баланың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу», т.б тақырыптарда топтық және жеке кеңестер берілді. «Консультациялық пунктер» жағдайындағы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған балалар және ата-аналарды көбіне толғандыратын сұрақтарға «Балалардың қабілеттілігін анықтау жолдары», «Бала ағзасын шынықтыру» және мектепке дайындығын анықтау мақсатында тестілер мен сауалнамалар жүргізіліп отырды .



Мектеп директоры: **С. Адылбеков**

